

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Ә.Марғұлан атындағы жалпы білім беретін орта мектебі*

Баяндама

Тақырыбы: Дарындылықты дамыту – әр ұстаздың парызы.

Орындаған: Аужанова Жанар Қанатқызы

2016 жыл

Баланың дарындылық бағыттары

<i>Дарындылық түрі</i>	<i>Қабілеті</i>	<i>Қолдану аясы, байқалатын кезі</i>
<i>Академиялық</i>	<i>Түсіну, есте сақтау, оны жеткізу қабілеті жоғары</i>	<i>оқу-білім алуда озаттар</i>
<i>Интеллектуалдық</i>	<i>Сыни ойлау, зерттеу, іздену, талдау қабілеті жақсы дамыған</i>	<i>ғылыми жұмыстар, құрастыру, ойлап табу</i>
<i>Шығармашылық</i>	<i>шығармашылық, түрлі өнер салалары, әдебиет, мәдениет</i>	<i>өлең шығару, жазу, сурет салу, ән айту,</i>
<i>Әлеуметтік</i>	<i>ұйымдастырушылық (лидерлік) қабілеті дамыған</i>	<i>ойын, шара ұйымдастыру</i>
<i>Спорттық</i>	<i>спорттық көрсеткіштері жоғары</i>	<i>сайыстарға қатысу</i>
<i>Көркемдік</i>	<i>сурет, мүсін, қолөнер, музыка</i>	<i>шеберлік сайыстары, аспапта ойнау</i>

Дарынды балалардың ерекшеліктері



Басқалардан өзгеше әрі шапшаң ойлайды, соның арқасында білімді еркін әрі молынан меңгереді, сөздік қоры мол, есте сақтау қабілеттері жоғары, зерттеуші, өзіне сенімді, қиыншылықтан қорықпайды, түсінігі мен танымы жоғары, тым сезімтал, әділетті, әзілқой

Олардың физикалық тұрғыдағы ерекшеліктері — дамудағы жеделдік, ақындарша сөйлеу, жиі-жиі ойға берілуі және қиялының байлығы

Таланттылық пен дарындылықты дамытудың ұтымды әдістері



- 1. Оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдері:** ақпаратты-коммуникативті технология арқылы оқушы жаңашылдыққа ұмтылады, интернеттен қажетті материалдар, мәліметтер жинақтайды, көреді, үйренеді.
- 2. Мақсат қою технологиясы:** сабақтың мақсатын айту, соңында оған жетті ма, жетпеді ма? Жалпы мұғалім дарынды оқушының сабақтағы әрбір әрекетін алдын ала жоспарлау арқылы оның ойлау, болжау, тұжырымдау секілді оқытудың негізгі зерделік көрсеткіштерін де қалыптастыра алады.
- 3. Пікірсайыс.** Оның негізгі ерекшелігі — екі қарсылас жақ бір-бірімен белгілі Ережеге сәйкес айтысады. Пікірсайыстың негізгі қағидалары: Өз көзқарасын талқылау және қорғау барысында қарсыластарының жеке басына қатысты мәселелерді қозғауға тыйым салынады. Пікірсайыс достық, ізгілік пизылда өтуге тиіс.
- 4. Ойлау қабілеттерін дамыту үшін миға шабуылдау әдісін қолдану тиімді.** Миға шабуыл — шешім табу жолында қатысушының өз ойларын еркін білдіру арқылы жүзеге асырылатын ұжымдық талдаудың тиімді әдісі.
- 5. Зерттеушілік оқыту технологиясы.** Зерттеу тақырыбын оқушының өзі қорғауын назардан тыс қалдырмаған жөн. Ол тақырыпты ата-аналар және өз құрдастары алдында қорғай алады. Қорғау кезінде оқушы өз жаңалығын ұсынуға үйренеді басқалардың ой-пікірін тыңдап, өзінің көзқарасын дәлелдеуді үйренеді.

Балаға әсер ететін орындар

1

Ата – ана

2

Мұғалім

3

Қоршаған ортадағы
жолдастары

2015 – 2016 оқу жылының жетістіктері

Облыстық «Сұлтанмахмұттың қоңыр күзі» атты қалалық конкурсында Шайхы Сағыныш I орын;

Жалпы білім беретін пәндер бойынша аудандық ғылыми жобалар конкурсында 4 оқушы номинациямен марапатталды;

Жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық ғылыми жобалар конкурсында «Тарих» секциясы Шайхы Сағыныш III дәрежелі диплом;

Аудандық «XII Мәшһүр Жүсіп оқулары» ғылыми-тәжірибелік конференциясында Теміртай Дәурен бас жүлде; Пшенбай Динара III дәрежелі диплом; Шайхы Сағыныш III дәрежелі диплом;

Аудандық «III Шәкен оқулары» ғылыми-тәжірибелік конференциясында Абильдина Карина II орын; Шайхы Сағыныш III орын;

Аудандық «IX Сәтбаев оқулары» ғылыми-тәжірибелік конференциясында Бекболатов Алмас бас жүлде; Шайхы Илияс III орын;

Аудандық «Балдәурен-2016» атты X шығармашылық фестивалінде Акишева Айнұр III орын; Әмірхан Нұрайлым III орын;

Аудандық «Жақып Ақбаев оқулары» ғылыми-тәжірибелік конференциясында Шайхы Сағыныш II орын;

Аудандық «Бүлдіршін XVII» шығармашылық фестивалінде Какен Ақжол II орын жетекшісі;

«Ертіс дарыны» ғылыми-практикалық орталығының сырттай оқу мектебінде 5 оқушы оқиды.

Аудандық пәндер олимпиадасында Тлеулесов Рауан I орын; Нарымбаев Марат II орын және Нурматай Жумагуль II орын;

Алматы қаласында өткен «IV Тайжарыс» республикалық ән байқауында Абильдина Карина бас жүлде; Кәрімжан Ақмейіз I орын.